

Астана қаласының маңындағы азық-түлік белдеуін дамыту бойынша шаралар кешенін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 105-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 7 қарашадағы N 205-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2012.11.07 N 205-ө Өкімімен.

Астана қаласының маңында азық-түлік белдеуін дамыту жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында:

1. Мынадай құрамдағы жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|---------------------|--|
| Мамытбеков | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, жетекші |
| Асылжан Сарыбайұлы | |
| Толыбаев | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, жетекшінің орынбасары |
| Марат Еркінұлы | |
| Отаров | - Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары |
| Қадырхан Махмұтұлы | |
| Рақымбеков | - Қарағанды облысы әкімінің орынбасары |
| Төлеутай Сатайұлы | |
| Сұлтанбеков | - Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| Қанат Танатарұлы | |
| Дәленов | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Руслан Ерболатұлы | |
| Ескендіров | - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі |
| Абай Мұқашұлы | |
| Оспанов | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы |
| Кеңес Сәрсенғалиұлы | |
| Бейсенғалиев | - «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (келісім бойынша) |
| Берік Тұрсынбекұлы | |
| Құрманғалиев | - «Астана» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының |
| Нұрлан Төлеуұлы | |

Хусайынов
Руслан Кинебайұлы

Басқарма төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)
- «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік
корпорациясы» акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасының бірінші орынбасары
(келісім бойынша)

Байманов
Айдар Итемгенұлы

- «Есіл» әлеуметтік-кәсіпкерлік
корпорациясы» акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

2 . Ж ұ м ы с т о б ы :

1) 2011 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Астана қаласының маңындағы азық-түлік белдеуін дамыту жөніндегі ұсыныстар әзірлесін;

2) 2011 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысына Астана қаласының маңындағы азық-түлік белдеуін дамыту мәселелерін көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу ж ө н і н д е ұ с ы н ы с ә з і р л е с і н .

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов